

**Жасы бойынша жеңілдікті жағдайда зейнетақы алуға құқық беретін өндірістердің , жұмыстардың, мамандықтардың, лауазымдар мен көрсеткіштердің N 1 және N 2 Тізімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1993 жылғы 31 наурыздағы N 24/2 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 11 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 43. Қаулының күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен (2005 жылғы 13 желтоқсандағы "Заң газетінде" N 168(792) жарияланған) .

----- Бұйрықтан үзінді -----

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің "Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Министр

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің " Жасы бойынша жеңілдікті жағдайда зейнетақы алуға құқық беретін өндірістердің , жұмыстардың, мамандардың, лауазымдар мен көрсеткіштердің N 1 Тізіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1993 жылғы 31 наурыздағы N 24/2 қаулысы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіндегі 1995 жылғы 11 қаңтардағы 43 тіркелу нөмірі...

-----

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қаулы етеді:

Өндірістердің, жұмыстардың, мамандықтардың, лауазымдар мен көрсеткіштердің N 1 Тізіміне беріліп отырған толықтырулар мен өзгертулер онда жұмыс істеуі жасы бойынша жеңілдікті жағдайда зейнетақы алуға құқық беретін жерасты жұмыстарына, ерекше зиянды және ерекше ауыр жағдайдағы жұмыстарға, сондай-ақ СССР Министрлер Кабинетінің 26.01.91 жылғы N 10 қаулысымен бекітілген жеңілдікті зейнетақымен қамтамасыз ету туралы N 1 Тізім бойынша азаматтық авиацияның жекелеген санаттарына енгізілсін.

Қосымша: 3 парақ.

Қазақстан Республикасы

Еңбек министрінің орынбасары

министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы

халықты әлеуметтік қорғау

К е л і с і л д і

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қаржы министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Еңбек  
министрлігі мен Қазақстан  
Республикасы Халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігінің  
1993 жылғы 31 наурыздағы  
N 24/2 қаулысына N 1 қосымша

**СССР Министрлер Кабинетінің 26.01.91 жылғы N 10  
қаулысымен бекітілген онда жұмыс істеу жасы  
бойынша жеңілдікті зейнетақы алуға құқық беретін  
жерасты жұмыстары ерекше зиянды және ерекше ауыр  
еңбек жағдайларында өндірістердің, жұмыстардың,  
мамандықтардың, лауазымдар мен көрсеткіштердің  
N 1 Тізіміне толықтырулар мен өзгертулер**

1. "Көлік" атты XXI бөлімнің 3-ші бөлімшесіне мынадай толықтыру  
е н г і з і л с і н :

"12003000 - 11217 Бортсеріктері мен нұсқаушы-бортсеріктер жылына 500  
сағаттан кем ұшпаған жағдайда".

2. Аппаратураларды тазалау мен айналысатын тазалаушыларға (2091160а -  
19555) "Жалпы мамандықтар" атты XXIII бөлім бойынша резервуарлардың,  
бактердің, цистерналардың, танктер мен кемелердің бөліктерінің ішін,  
скафандрлармен және газдық қарсы құралдармен жұмыс істеу кезінде ұсақтау  
ағын камераларының ішін тазалау мен айналысатын жұмысшы ретінде (12100000  
- 1753а) зейнетақы тағайындалады.

3. Мынадай толықтырулар енгізілсін:

II бөлімнің I бөлімшесіне: "Кен алуға дайындық, байыту, бұтақтау (кендерді және емес қазбаларды, агломерациялау, брикеттеу, шымшымдау) шифр 1020200a - 1 7 5 3 г "

III бөлімінің 1-4 бөлімшесіне: "Металлургиялық өндіріс (қара металдар)"  
"Көкістік, көкістік емес, термоастратиттік және көкістік химиялық өндіріс"  
IV бөлімінің 1, 2 бөлімшесіне;

"Металлургиялық өндіріс (түсті металдар) VII бөлімінің 2-6, 10-12, 14-17 бөлімшелеріне."

Өндіріс жұмыс істеп тұрған учаскелерде (жұмыс орындарында) орнатылған құрал-жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметінің жұмысшылары технологиялық процесті жүргізетін негізгі жұмысшылар секілді N 1 Тізім бойынша жеңілдікті зейнетақымен қамтамасыз етілу үшін газбен кесушілер құжын пайдаланады.

Қазақстан Республикасы Еңбек  
министрлігі мен Қазақстан  
Республикасы халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігінің  
1993 жылғы 31 наурыздағы

N 24/2 қаулысына N 2 қосымша

**N 1 Тізім бойынша азаматтық авиация қызметкерлерінің  
жекелеген санаттарына жеңілдікті зейнетақымен  
қамтамасыз етуді беру туралы**

"СССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 26 қаңтардағы N 10 қаулысымен бекітілген N 1 Тізіміне өзгертулер енгізу туралы" СССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 шілдедегі N 497 қаулысымен N 1 Тізімінің "Көлік" атты XXI бөлімі мынадай бөлімшемен толықтырылды: 3. Азаматтық авиация "12003000 "Мейлінше қауырт немесе қозғалысы күрделі 12003000-17541 аэропорттардың, аэродромдық-диспетчерлік, аудандық, қосалқы орталықтарда және олардың секторларында, жергілікті диспетчерлік пункттердің аймағында әуе қозғалысын тікелей басқаруды жүзеге асыратын қызметкерлер (диспетчерлік-нұсқаушылар, аға диспетчерлер, ұшулардың жетекшілері)"

Мұндай аймақтардың тізбесін СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер министрлігінің келісуі бойынша СССР Азаматтық авиация министрлігіне бекіту тапсырылды".

Аймақтардың аталмыш тізбесі 1991 жылы 26 қыркүйекте бекітілді (Қазақстан Республикасына қатысты бөлігі беріліп отыр).

Алайда одақтық құрылымдардың жойылуына байланысты және басқа да белгілі себептермен орай аталған құжаттар біздің министрліктерге жеткен жоқ.

"Қазақ КСР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы"

Заңының 1-бабының 3-бөлігінде одақтық заңмен белгіленген зейнетақымен камсыздандыру саласындағы барлық кепілдіктердің сақталуы қарастырылғандықтан, азаматтық авиация қызметкерлерінің жекелеген санаттарына N 1 Тізім бойынша жеңілдікті зейнетақы тағайындау кезінде осы қаулыны және қосымшаны басшылыққа алуды ұсынамыз.

Бұрынғы СССР-дің басқа мемлекеттері бойынша аймақтардың тізбесіне келер болсақ, олар азаматтық авиацияның жергілікті қызметтерінде бар.

Басқа диспетчерлер жеңілдікті зейнетақыны Зейнетақы туралы республикалық заңның 35 бабының 2-тармағының шарттарында пайдаланады.

Қосымша: текст бойынша 1 бет.

Қазақ азаматтық авиация басқармасы бойынша, мейлінше қауырт немесе қозғалысы күрделі әуе қозғалысын басқаратын аймақтардың, аудандар мен секторлардың тізбесі:

1. Алматы РЦ ЕС УВД - секторлар: РЦ1, РЦ2, РЦ3  
Алматы аэропорты - ДПП, ДПК, ПДП, СДП
2. Ақтөбе РЦ ЕС УВД - секторлар: РЦ1, РЦ2, РЦ3  
Ақтөбе аэропорты - ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП,  
М Д П 2
3. Арқалық аэропорты - ВРЦ, ДПП, МДП
4. Бұрындай аэропорты - МДП
5. Балқаш аэропорты - ВРЦ, ДПП, ДПК, ПДП, СДП
6. Гурьев РЦ ЕС УВД - секторлар: РЦ1, РЦ2  
Гурьев аэропорты - ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП, МДП2
7. Жамбыл аэропорты - ВРЦ, ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП
8. Жезқазған РЦ ЕС УВД - РЦ  
Жезқазған аэропорты - ДПП, ПДП, МДП
9. Қарағанды аэропорты - ВРЦ, ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП
10. Көкшетау аэропорты - ДПП, ПДП, МДП
11. Қостанай РЦ ЕС УВД - секторлар: РЦ1, РЦ2  
Қостанай аэропорты - ДПП, МДП
12. Қызылорда аэропорты - ДПП, МДП  
Қызылорда РЦ ЕС УВД - секторлар: РЦ1, РЦ2
13. Павлодар аэропорты - ВРЦ, ДПП, ДПК, ПДП, МДП
14. Петропавлск аэропорты - ВРЦ, ДПП, ПДП, МДП
15. Семей РЦ ЕС УВД - секторлар: РЦ1, РЦ2  
Семей аэропорты - ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП
16. Талдықорған аэропорты - ДПП, ПДП, СДП, МДП
17. Орал РЦ ЕС УВД - секторлар: РЦ1, РЦ2  
Орал аэропорты - ДПП, ПДП, МДП

- |                                 |                                |
|---------------------------------|--------------------------------|
| 18. Өскемен аэропорты           | - ДПП, ДПК, ПДП, МДП           |
| 19. Целиноград РЦ ЕС УВД        | - секторлар: РЦІ, РЦ2          |
| Целиноград аэропорты            | - ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП      |
| 20. Шымкент аэропорты           | - ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП      |
| 21. Шевченко аэропорты          | - ВРЦ, ДПП, ДПК, ПДП, СДП, МДП |
| 22. Аягөз аэропорты             | - ВРЦ, КДП, МВЛ                |
| 23. Арал аэропорты              | - ВРЦ, КДП, МВЛ, ВМДП          |
| 24. Зайсан, Күршім, Степногорск |                                |
| Жаңаөзен аэропорты              | - КДП, МВЛ                     |

**Жеңілдікті зейнетақымен қамтамасыз етілуге құқық беретін өндірістердің, жұмыстардың, мамандықтардың, лауазымдар мен көрсеткіштердің N 1 Тізіміне енгізудің Негіздемесі**

1. Азаматтық авиация самолеттерінің бортсеріктері, бортсеріктерінің н ұ с қ а у ш ы л а р ы .

-----  
 АА МҒЗИ ұшу құрамының еңбек физиологиясын зерттеу лабораториясы бортсеріктерінің организміне зиянды факторлардың тұтас бір құрамы ықпал ететін дәлелдеп отыр:

барометрикалық қысымының жылдам өзгеруі, осыған орай төмен гипоксиялық жай-күйі;

шудың жоғары деңгейі (ПДУ-дің 4-тен 22д БА-ға дейін көтерілеуі);

ауаның төмен ылғалдылығы (10 проц. дейін);

зиянды химиялық заттардың жиынтық шоғыры нормадан асып кетеді;

қолайсыз температуралық режим;

биологиялық фактор (ауаның бактериялық тұқымдануы);

еңбек пен демалыстың тиімсіз режимі (демалыс күндеріндегі жұмыс, ерте ұшулар, кеш ұшулар, жұмыстың үнемі өзгеріп тұратын кестесі) және т.б.

Бортсеріктері еңбегінің ерекшеліктері мен сипатын ескере отырып, оларға N 1 Тізімін жасы бойынша жеңілдікті зейнетақы алуға құқық беру мүмкін деп санаймыз.

Зейнетке шығатын жыл сайынғы орташа адам саны 46, шамамен жыл сайын зейнетақы төлеу шығындары 6 млн. сомды құрайды.

2. Газбен кесушілер

-----  
 СССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 9 тамыздағы қаулысымен бекітілген N 1 Тізіміне толықтыруларда газбен кесуші мамандығы еңбегі қалған, оның жұмысының құрамы мен сипаты газбен дәнекерлеушілерге сай келсе де олар осы толықтыруларда еске алынған.

Газбен кесуші мамандығын "Кен өндіруге әзірлік, байыту, шымшымдау" атты II бөлімінің I бөлімшесіне "металлургиялық өндіріс (қара металлдар)" атты III бөлімінің 1-4 бөлімшелеріне "Кокстік, кокстік емес, термоантрацитті және кокстік - химиялық өндіріс" атты IV бөлімінің 1, 2 бөлімшелеріне", "Металлургиялық өндіріс (түсті металлдар)," атты VII бөлімінің 2-6, 10-12, 14-17 бөлімшелеріне N 1 Тізім бойынша жеңілдікті зейнетақы алу құқын пайдаланатын технологиялық процесті жүргізуші негізгі жұмысшылар секілді жұмыс істеп тұрған өндіріс учаскелерінде орнатылған құрал-жабдықтарды жөндеумен айналысатын жөндеу қызметі жұмысшыларының орташа жылдық зейнетке шығуы 50 адамды, зейнетақы қорынан шығындары жыл сайын 7 млн. сомды құрайды.

3. Аппаратураларды тазалаумен айналысатын тазалаушылар (шифр 2091100а-19555)

-----

Павлодар алюминий заводының бақ аппаратураларын тазалаушылардың жұмыс орындарын аттестациялау материалдарын және Свердловск еңбек гигиенасы институтының тазалаушылар еңбегінің ауырлығы мен қауырттығы жөніндегі физиологиялық бағасын зерттей келе, олар бақ аппаратуралары тазалаушылары жұмысының айрықша зиянды және ауыр екендігін дәлелдейді, оларға резервуарлардың, бактердің, цистерналардың, бөліктердің... (шифры 12100000-1753а) ішін тазалаумен айналысатын жұмысшылар ретінде N 1 Тізіммен жасы бойынша жеңілдікті зейнетақы тағайындауға болады деп санаймыз.

Өндірістік ортаның барлық параметрлерінің нормативтік көрсеткіштері сан есе ауытқушылығы байқалған (аэрозол ПДК асып кетуі; сілті 10-15 есе; шаң - 80-нен 240 есеге дейін; шу деңгейі 26-40 цБА көтерілген; ылғалдылық 25 проц. асқан, ауысым уақытындағы тұруға мәжбүр жұмыс тұрқы 25 проц. астам, ауысым үшін түсетін статистикалық және динамикалық күш еңбек ауырлығының 2-ші дәрежесіне сәйкес келеді) Аталғандардан басқа бақ аппаратураларының тазалаушылары газға қарсы тұмылдырықпен жұмыс істеуге мәжбүр.

Жыл сайын зейнетке шығушылар саны 6 адамды, осыған орай зейнетақы қорынан жыл сайынғы шығын 800 мың сомды құрайды.